



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

бар. Оның басқа гүлдерге ұқсай қоймайтын ерекшелігін қазақ даласында өскен бала ғана біледі. Қызғалдақтың отаны көп айтылып жүрген Голландия емес, Қазақстан дегенде болжам бар. Сондай ерекшеліктеріне орай ол қыздың сұлулығын, кейде қайта айналып келмейтін **жастық шақты** білдіретін концептке айналған.

Концепт қиын құрылымдағы ментальдық қалыптасу.

Концепт адам өміріндегі және оның қоршаған ортаны белгілі бір бірлік түріндегі алынған білім, тәжірибе, нәтиженің мазмұнының өзіндік абстрактылығын білдіреді.

Әртүрлі лингвомәдениетте концептуалдық әлемді қиялдау мен мүшелеу әртүрлі жағдайда жүзеге асады. Концептердің қабілеті тіл тасымалдаушылардың жеке эмоционалдық және мәдени тәжірибесі арқасында өседі және артады.

Қазақ тілінде концепт мәселесіне қатысты тың ойларды А.Исламның еңбектерінен кездестіреміз. Ғалымның көзқарасы бойынша «концепт дегеніміз – этномәдени санада сақталатын, белгілі бір ұлттың ұрпақтан-ұрпаққа берілетін ықшам, әрі терең мағыналы шындық болмыс, ұлттық мәдени құндылықтары жөніндегі сан ғасырлық түсінігін білдіретін құрылым» [18,56]

Қорыта келгенде, концепт – адамның білім мен тәжірибесін және күрделі, көпқырлы құрылымға ие ментальді бірлік. Лингвистер концептіні әртүрлі құрылымдайды, бірақ барлығы концептінің құрамына көп бөлшектердің жататындығын көрсетеді. Әртүрлі концептерді талдай, салыстыра және байланыстыра ойлау қызметінде ол жаңа концепт тудырады. Әлдебір ақпаратпен алмасу мен сөйлесу жалпы мағынада вербальді және бервальді емес формада концепті алмасу мен сөйлесу дегенді білдіреді.

Қолданылған әдебиеттер

1. Байтұрсынов А. Шығармалары. Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. Алматы: Жазушы, 1989. – 317 б.
2. Серғалиев М.С. Стилистика негіздері: Оқулық. – Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2006. – 273 б.
3. Вежбицкая А. Язык. Культура. Познание. – М., 1996. – 411 с.
4. Кубрякова Е.С. Части речи с когнитивной точки зрения. М., 1997. – 163 с.
5. Момынова Б. Тілдегі жаңа бағыттар мен типтік қатынастар. – Алматы: Арыс, 2009. – 160 б.
6. Ф. де Соссюр. Труды по языкознанию. – М., 1977. – 12-26 с.
7. Оразалиева Э. Когнитивтік лингвистика. Оқулық. – Астана: ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, 2011. – 168 б.
8. Ислам А. «Өмір» концептісінің тілдік көрінісіне лингвомәдени сипаттама // ҚР ҰҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. - 2003. - № 4. – 31-34 бб.

САЯСИ МЕТАФОРАЛАРДЫҢ КОГНИТИВТІ-ӘЛЕУМЕТТІК АСПЕКТІСІ

Жұбатхан Камшат

zhubathanova@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультеті,
Филология: қазақ тілі мамандығының 2-курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Ж.Қ.Өмірбекова

Қазақ тарихында сөз құдіретіне бас идірген «түгел сөздің түбі бір, түп атасы – Майқы би» атанған Майқы би, Аяз би, Жиренше шешен, Асан қайғы, Шалкиіз, Бұхар жырау, Шортанбай, Дулат, Мұрат, Төле, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтеке билер заманындағы шешендік өнер мектебінің бүгінгі дәстүрі, сөздің киесі елді басқарушылардың, халық қалаулыларының, саяси тұлғалардың бойынан қалай көрініс тауып жатқандығын зерттеп, зерделеудің маңыздылығы ерекше. Қазақтың ас бай, шұрайлы тілінің елдегі барлық

ұлттарды біріктіруші потенциалына шүбә жоқ. Белгілі журналист Ж.Мәкішевтің «Шенеунікке тіл сындыратын шешендік мектеп керек» деген мақаласында «билік тұтқасындағылардың қазақ тілінде жатық сөйлеуі мемлекеттік идеологияның өзегіне айналуы тиіс. Себебі жұрттың көбісі ел басқарып отырған адамдарға қарап сөз түзейді.

Қазақ тіліндегі метафоралардың когнитивті сипатын ашуға арналған жұмысымызда тіл мен мәдениет мәселесі төңірегінде қазақ тіл біліміндегі А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, Ә.Қайдар, Е.Жанпейісов, Р.Сыздық, Т.Жанұзақов, Н.Уәлиев, Ж.Манкеева, Қ.Рысбергенова, Б.Тілеубердиев, А.Жылқыбаева, Г.Смағұлова т.б.ғалымдардың теориялық ой-пікірлерін басшылыққа алып, сүйенеміз.

Метафора (*гр. metaphora – ауысу*) – сыртқы не ішкі белгілеріндегі (тұлғасындағы, атқаратын қызметіндегі т.б.) ұқсастыққа қарап бір зат атауының басқа бір затқа атау болуына байланысты сөз мағынасының ауысуы. Мағына ауысуының бұл тәсілінің негізінде ұқсату заңдылығы жатыр. Метафора қолдану сипатына қарай негізінде екі түрге бөлінеді: а) *тілдік (сөздік)* метафора, ә) *поэтикалық (сөйлеу кезінде туындайтын контекстік)* метафора [1, 88]. Тілдік (сөздік) метафора сөзге жаңа мағына қосып, оның семантикалық шеңберін кеңейтіп, әрдайым үздіксіз дамытып отырады. Тілдік метафораны жалпы халықтық сипатына қарап *дәстүрлі метафора* деп те атайды. Дәстүрлі метафоралық тәсіл бойынша қазақ тіліндегі көп мағыналы сөздер ұқсату заңына сүйеніп, шыққан.

Дәстүрлі метафоралардың мағынасы халықтың таным-түсінігі, ой-өрісі, тіршілігі мен тұрмысына байланысты. Олар – мағынасы көпшілікке түсінікті, жиі қолданысқа түсетін бейнелі метафоралар. Дәстүрлі метафораның авторы жоқ. Олар – мақал-мәтелдер тәрізді халық қазынасы.

Поэтикалық метафора – саналы түрде белгілі мақсат үшін көркемдік құрал ретінде көркем әдебиет пен көсемсөз стилінде қолданылады. Ал тілдік метафора – тілдің табиғатына тән, лингвистиканың түрлі салаларымен – лексикология, семасиология, аталым теориясы т.б. тәрізді түрлерімен қатынасы барлығын ескере отырып, кешенді мәселелердің байланыстыра қарастырылуы бүгінгі лингвистиканың алдына қойған басты міндеттерінің бірі деп санауға болады [2, 43]. Ал кейде поэтикалық метафораны индивидуалды-авторлық (жеке қолданыстағы) метафоралар деп нақты атамаса да, соған жақын деген пікірді естиміз. Индивидуалды-авторлық метафоралар жеке адамның дүниені бейнелі қабылдауын, тануын көрсетсе, дәстүрлі метафораларда тұтас бір халықтың ортақ бейнелі ойы, дүниетанымы білдірілді. Сондықтан олардың білдіретін мағынасы көпшілікке түсінікті болады.

Біз бұл зерттеуімізде, ұлтымыздың бас бейнесі болып танылатын тіліміздің мәселесін назарға алып жүретін, сөздік қоры бояуы көп бай көркемдігімен ерекшеленетін қайраткерлеріміз Әбіш Кекілбаев, Мұхтар-Құл Мұхаммед, Иманғали Тасмағанбетов сынды шешендеріміздің саяси сахнада сөйлеген сөздерінен мысалдар теріп, когнитивті тұрғыда талдадық.

Жоғарыдағы ғалымдардың пікірлеріне сүйеніп, саяси шешендер тіліндегі метафораларды пайда болуына байланысты төмендегіше топтадық:

а) тұлға ұқсастығы. Мысалы: *Бұл өте батыл, өте оптимистік және ешбір әсірелеусіз алысты болжаған өте көреген құжат* болды [3]. Бұл сөйлемде көреген құжат метафоралық тіркес болып табылады. Көреген

с ы н. 1. *Көргіш, қыраш, байқағыш.* 2. *Алдағыны күні бұрын болжай алатын, сезімтал* [4, 417]. Құжат а р. з ат. *Әлдебір фактіні немесе әлдебір нәрсе жөніндегі құқыны қуаттайтын жазбаша куәлік, ісқағаз* [4, 534]. Жоғарыдағы түсіндірмелерге сүйенсек, көреген сөзі тек кісіге байланысты ғана қолданылады. Ал бұл метафоралық тіркесте автор құжаттың айқындығын, нақтылығын көрсету үшін көреген сөзімен ұқсата әрі сәтті тіркестіре білген. Бұл автордың өзіндік ерекшелігін көрсетеді.

Біз енді сол батыл болжамдеңгейінен табылуға тиіспіз [5]. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде батыл сөзі с ы н. *именшек емес, қайсар, ер жүрек, еркін* деп беріледі [4, 115] Ал сөйлемдегі метафорада бұл сөз ауыспалы мағынада қолданылып тұр. Тіркескен зат есімнің сипатын айқындау үшін батыл сөзі қолданылып, метафоралық тіркес жасап тұр.

ә) **қимыл ұқсастығы.** Мысалы: *Елдің намысы мен ерлігін оятқан елдің еңсесін тіктеген қайраткер* [6]. Автор абстрактілі зат есім мен етістіктің ауыспалы мағынасын қолдану арқылы ойын жеткізіп тұр. ОЯТ е т. 1. *Ұйқыдан тұрғызу, ұйқысын ашу.* 2. *А у ы с. Сана-сезімін жетілдіру, көзін ашу* [4, 645]. *Еніп қана қоймай, әлемдік даму иерархиясының жаңа биігіне өрлей бастадық* [3]. Ғалым А.Салқынбайдың пікірі бойынша метафора - сөздің басқа мағынада қолданылуы... [7, 124]. Демек, жоғарыдағы келтірілген сөйлемдегі тіркесті метафоралық тіркес деп тануымызға болады. Бұған даму иерархиясының жаңа биігіне көтерілу үшін етіп жатқан еңбектің «өрмелей бастадық» деп астарлы мағынада берілуі дәлел.

б) **заттардың қызметіндегі ұқсастық.** Мысалы: *Министрлік сонымен қатар серіктес желі арқылы 4 мыңға жуық ұйымдармен қызмет істеп келеді.* [5] Серіктес сөзі қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде *о р т. е т і с* деп ғана айтылып, кісіге ғана қатысты мысалдар келтіріледі (Тұрар мен Далбай *с е р і к т е с і н*, екі атқа мініп қыз айттырып кетті (Ә. Бөриев, Ақ бидай). - Бұйыртса үшеуіміз *с е р і к т е с* боламыз,— деді Омаш (Д. Исабеков, Тіршілік)) [4, 728]. Демек, бұл сөйлемдегі тіркес те ауыспалы мағынадағы сөзбен беріліп, метафора жасап тұр.

в) **ұғымдардың бір-біріне қатыстылығынан туатын ұқсастық.** Мысалы: *Елбасы Жолдаулары туралы аз жазылып жатқан жоқ, бірақ соның көпшілігінде терең талдаудың орнына құрғақ мақтау* басым [3]. Мұндағы метафоралық тіркес - құрғақ мақтау. Бұл тіркес ұғымдардың бір-біріне қатыстылығынан туатын ұқсастықтан жасалған. Алдымен құрғақ сөзінің мағынасын ашып алайық. Құрғақ *з а т. Құрлық, құрғақ жер. с ы н. 1. Су емес, дымқыл емес; кебу. 2. Қурап қалған, қу. 3. Жауын-шашынсыз, ылғалы аз. 4. Суы тартылып, құрғап қалған (арна, аңғар т.б.). 5. М е д. Қақырықсыз, түкіріксіз (жөтел). 6. А у ы с. Бос, құр бекер, жай, нәтижесіз [4, 545] Мақтау з а т. Біреудің зор еңбегіне, істеген ісіне берілген жоғары баға. қ. атау. Мақта-у.* [4 578]. Бұл жерде құрғақ сөзі ауыспалы мағынада қолданылып, нәтижесіз мақтау деген мағынаны беріп тұр. *Ұлтымыздың ұлы перзенті халқымыздың қасиетті сөзін ел бірлігі мен ел тұтастығына арнаған тарихи тұлға Төле би Әлібекұлының еңселі ескерткіші ежелгі Тараз жерінде бой көтерді* [6]. Шешен қолданған еңселі ескерткіш метафоралық тіркесі автордың ескерткіштің биіктігін көрсетуге емес, сол ескерткіштің қазақ елі үшін алатын маңызын көрсетуінен туындап отыр. Бұл метафоралық тіркес ұғымдардың бір-біріне қатыстылығынан туатын ұқсастықтан туындаған.

Соған жету жолына кесе-көлденең тұрған кедергілерді Мемлекет басшысы тайға таңба басқандай етіп көрсетті [3]. Тайға таңба басқандай – өте анық, бадырайған, беп-белгілі [8, 654]. Бұл тұрғыда сөз иесі сөйлеу стиліне байланысты ықшамды әрі нақты етіп анық көрсетті деп те қолдануына болатын еді. Себебі саяси сөйлеу стилінде көркем әрі бояулы сөздерді пайдалану міндеттелмейді. Соған қарамастан авторлар фразеологизмдерді сәтті қолдана отырып, метафоралық тіркестер жасап, саяси мінберлерде пайдаланып жүр. Келесі мысалда сөздің бұл мағынасы басқа фразеологизм арқылы көрініс табады. *Бұл - Елбасымыз «соқырға таяқ ұстатқандай» ғып көрсетіп берген бәсекеге қабілеттілік* [9]. Соқырға таяқ ұстатқандай – өте анық, айқын; өте ұғымды [8, 616]. Бұл тіркес елбасының «Мәңгілік ел 2050» жолдауындағы ұлттық идеясын талдау барысында қолданылған. Осы жолдауда айтылған бәсекеге қабілеттілік ұғымын бұл метафоралық тіркес нақтылап, айқындап тұр. *Ол да болса тасы өрге домалап тұрған кәсіптің иесі болып табылатын сіздердің үлкен үлестеріңіз* [10]. Тасы өрге домалады – бағы жанып, абырой мерейі көтерілді; жолы, ісі оңғарылды [8, 670]. Бұл фразеологизмді пайдалану арқылы автор жақсы іске асқан кәсіптің сипатын ашып тұр. *Ол да болса алыс болашаққа көз тігіп, егемен елін рухы сарқылмас ұйықты жер етуді мұрат қылған Елбасының тілегі* [6]. Ұйық I Аяқ киімнің ішінен киетін, қонышы қысқа тоқыма байпақ; II ұйма, тартпа, ми батпақ; III ұйық ит тұқымдас хайуанаттардың ылығы; ұйық IV өзендерде балықтар уылдырық шашатын және шоғырланып жататын қолайлы ойпат жер. V. ұйық – жер жаннаты, керемет жер [4, 856]. Сөйлемдегі **ұйықты жер** метафоралық тіркесі сөздіктегі түсіндірмеге сүйенсек, жер жаннаты деген мағынаны білдіреді. Автор халыққа түсінікті, кеңінен қолданылатын

жерұйық сөзін емес, ұйық сөзін тандай отырып, сөйлемде берілгелі отырған ойды осы сөз арқылы тура жеткізе білген. *Адам – үлкен әлем, ал қоғам – әбеқоңыр кішкене отау* [11, 7]. Бұл сөйлемнің өзі толығымен метафоралардан тұрады. Біз талдап отырған метафораның этнотанымдық сипаты сөйлемнің екінші компонентінде көрініс табады. Ал, бірінші компонент сол екінші компоненттегі метафораны анықтап, көрсету үшін жасалған. Қоғам – әбеқоңыр кішкене отау. Әбеқоңыр-орташа, шамалы, жақсы да, жаман да емес; Отау – I Жаңадан тұрмыс құрып, енші алып бөлінген ұлдың үйі; отау үй; II спорт тоғызқұмалақ тасындағы құмалақтар орналасқан ұяның жалпы атауы; III жерг. Біраз шөмеленің жиынтығы [4, 643-644б]. Бұл жерде сөз иесі қоғамды отаудың бірінші мағынасында қолданып тұр. Рас, қоғамды адамдар немесе адамдардан құралған топтар (отбасы, ұжым, топ т.б.) құрайды. Ал осы жағдайды автордың отбасы демей немесе басқа сөзбен алмастырмай отау деп ұлттық сипатта беруі өте орынды.

Елбасы Жолдаулары туралы аз жазылып жатқан жоқ, бірақ соның көпшілігінде терең талдаудың орнына құрғақ мақтау басым. Құрғақ з а т. Құрлық, құрғақ жер. с ы н. 1. Су емес, дымқыл емес; кебу. 2. Курап қалған, қу. 3. Жауын-шашынсыз, ылғалы аз. 4. Суы тартылып, құрғап қалған (арна, аңғар т.б.). 5. М е д. Қақырықсыз, түкіріксіз (жөтел). 6. А у ы с. Бос, құр бекер, жай, нәтижесіз [4, 545] Мақтау з а т. *Біреудің зор еңбегіне, істеген ісіне берілген жоғары баға.* қ. атау. *Мақта-у.* Бұл жерде мағынасы бір-біріне алшақ ұғымдар тіркестіріліп, нәтижесіз мақтау деген мағынаны беріп тұр.

Дәстүрлі метафораларда тұтас бір халықтың ортақ бейнелі ойы, дүниетанымы білдіріледі. Сондықтан олардың білдіретін мағынасы көпшілікке түсінікті болады. Ал индивидуалды-авторлық метафоралар жеке адамның дүниені бейнелі қабылдауын, тануын көрсетеді.

Жеке қолданыстағы (индивидуалды) метафора белгілі бір ақынның я жазушының туындысында өмір сүреді. Белгілі мәнмәтінде ғана ұшырасатын сөздің келтірінді мағынасы кашанда әр автордың өзіндік ерекшелігін көрсетеді. Сондықтан келтірінді мағына әрдайым құбылмалы болады.

Мысалы: *Қазақтың бағы жүрсе – кәукілдеген мақтан әңгімесі, гүлеген өсегі, кеңірдегін күнге, кіндігін айға ілген кердең жүрісі* көбейіп, қараптан-қарап іші жарылып, бұтқа толы болады. (Үркер, 140-б.).

Бұл сөйлемдегі *кеңірдегін күнге, кіндігін айға ілген кердең жүрісі* окказионал қолданысы адамның мінез-құлқына байланысты пайда болған жүріс-тұрысты бейнелеп тұр. Жазушы «шалқайып, шіреніп жүру» мағынасындағы жүрісті суреттеу мақсатында бір-бірімен үйлеспейтін сөздерді өзара байланыстырып окказионал қолданыс жасаған.

Қорыта айтқанда, біз бұл жұмыста тарихымыздағы шешен билеріміз бен қазіргінің саяси шешендерінің тілдік қолданысындағы саяси метафораларды жинақтадық. Сол арқылы бүгінгінің тұтқасы болып отырған тұлғалардың тілдік қолданысының қоғамдық санаға әсер ету шамасын түсіндірдік. Олардың сөзі қаншалықты ресми әрі саяси болғанымен, метафораларды орнымен, дұрыс қолдану бұқараның пікірін әлде бір бағытқа бұруға, пікірін өзгертуге айтарлықтай ықпал етеді. Сол себепті бұл тақырыптың өзектілігі өте жоғары.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. – Алматы: Қазақ университеті, 1998. – 121 б.
2. Қасым Б. Сөзжасам: семантика уәждеме. – Алматы, 2003. – 167 б.
3. <http://old.abai.kz/node/40655/> Құл-Мұхаммед: Ұлттық идея дегеніміз – бәсекеге қабілеттілік.
4. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968б.
5. <http://www.parlam.kz/a/mazhilis/news-details/id6088/1/> /Үкімет сағатында Мәдениет министрі Мұхтар Құл-Мұхаммедтің жасаған баяндамасы.
6. <http://egemen.kz/?p=102547>. / ҚР Мәдениет министрі Мұхтар Құл-Мұхаммедтің Төле би Әлібекұлының 350 жылдық мерейтойына орай ескерткіштің ашылу салтанатында

сөйлеген сөзі.

7. Салқынбай А. Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. Алматы: Сөздік-Словарь. – 1998. – 304 б.
8. Фразеологиялық сөздік. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007.
9. Астана қаласының әкімі Иманғали Тасмағамбетовтың Елбасының Қазақстан халқына Жолдауына байланысты қала активінде сөйлеген сөзі // <http://astana.gov.kz/>
10. Астана қаласының әкімі И.Н.Тасмағамбетовтың Астана қаласының кәсіпкерлерінің конференциясында жасаған баяндамасы <http://astana.gov.kz/kk/modules/material/2099>
11. Кекілбаев Ә. Заманмен сұхбат ой-толғамдар – Алматы: Жазушы, 1996 -592 бет

ЖАРНАМАЛАР ӘЛЕМІНДЕГІ ҚАЗАҚ ТІЛІ МӘСЕЛЕСІ

Зиятова Балжан Темірболатқызы

ziyatova.balzhan@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
көлік-энергетика факультетінің 1-курс студенті. Астана. Қазақстан.
Ғылыми жетекшісі – Ұ.О. Асанова

«Қазақ тілі – бай тіл, оралымды, ырғақты,
теңеу бейнелері ерте туған тіл»
(Ғабит Мүсірепов)

Мен өз мақаламды сөз зергері Ғ.Мүсіреповтің сөзімен бастағаным себепсіз емес. Қазақ тілі – қазақ халқымен бірге қалыптасып, ежелден келе жатқан тіл. Қанша ғасыр өтсе де біздің заманымызға дейін аман-есен жетті. Бүгінде еліміз тәуелсіздігін алып, 1995 жылы 30 тамызда қабылданған Жаңа Ата заңымызда «Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі» болып бекітілді. Ана тіліміз мемлекеттік тіл мәртебесін алғанға дейін қаншама кедергілерге тап болды, машақаттық та, менсінбеушілік те көрді. Осынша қиындықпен келген қазынамызды бүгінгі күні де қорлап жатқандарды көргенде, жүрегің ауырады. Олай дейтінім, көшедегі билборд, панно, плакаттағы қателерді былай қойғанда, теледидарда күн сайын бірнеше рет қайталап беріліп жатқан жарнамаларда қателердің өріп жүргендігі... Сонда «қазақ тілім» деп жырлап өткен Абай Құнанбаев, Мағжан Жұмабаев, Сұлтанмахмұт Торайғыров сияқты көптеген дара тұлғалардың еңбегі зая болғаны ма? Неліктен ұзақ жылдар бойы жарнамалардағы қазақ тілі мәселесі шешілмей отыр?!

Тіл туралы Заң да қабылданып жатыр, алайда жарнама мәселесіндегі қателіктер әлі күнге көзге ұрып тұр. Сіз «Бірақ та заңның арқасында жарнама берушілерге айыппұл салынып, жарнамалар түзеліп, я болмаса мүлдем алынды» дейсіз ғой. Әрине, бұл рас, бірақ 100 жарнаманың 25-і ғана түзеледі. Қалғаны ше? Олармен не болмақ? Әрине, қазақ тілінің құрметсіздігінің куәсі, жарнама берушілер, аудармашылардың сауатсыздығы мен жергілікті әкімшіліктің енжарлығының белгісі боп қалмақ. Және де біз жарнамалардың орыс тілінен қазақ тіліне дұрыс аударылғанымен ғана қанағаттанып қоймай, өзіміздің ұлттық жарнамаларымыздың басқа шет тілдеріне аударылуына да көңіл бөлгеніміз дұрыс. Жас болсам да мені осы сұрақтар үнемі мазалайды. Сондықтан мен осы мақалам арқылы жарнама әлеміндегі келеңсіздіктерге тоқталғым келеді.

Жарнама әлемі. Алдымен жарнама дегеніміз не екенін айтып кеткен жөн болар. Жарнама дегеніміз – белгілі бір зат пен құбылысты, іс-әрекет пен қызметті елге таныту, насихаттау, оларға деген сұранысты күшейту мақсатымен жарияланған хабарлама жиынтығы. Жарнама – нарықтың қозғаушы күштерінің бірі. Сондықтан жарнаманың «бармайтын тауы, баспайтын жері» жоқ. Бұл – әлемде қалыптасқан құбылыс. Жарнама тек өнім туралы ақпарат беріп қана қоймай, оның тұтынушы санасында әлдебір бейне ретінде қалыптасуына әсер